**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы саласында екінші санаттағы рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 637 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 қыркүйекте № 21281 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2024 № 199 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ішкі істер Министрі* *Е. Тургумбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2020 жылғы 22 қыркүйегі
№ 637 Бұйрыққа
1-қосымша

## Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар беру кезіндегі рұқсат талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 01.03.2024 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| р/с № | Рұқсат беру талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру кезіндегі жалпы талаптар мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі | | | |
| | | 2020 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Қару мен оның патрондарының саны туралы, әкелуге (әкетуге) жауапты тұлғаның (жеке тұлғаның) тегі, аты-жөні, паспорттың немесе жеке куәліктің нөмірімен сериясы туралы, әкелінетін мемлекет туралы, әкелу жүзеге асырылатын кеден бекеті (шекаралық өткізу пункті ) туралы мәліметтер | Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру" № 254 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) б ұйрығымен бекітілген көрсетілетін мемлекеттікқызмет Қағидаларына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандардағы жеке және заңды тұлғаның өтініші | |
| 2. | Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қауымдастық (бұдан әрі - ЕАЭҚ) шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада қолданатын әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын Тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытындыны толтырудың бірыңғай нысаны жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының жобасының болуы | Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қауымдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада қолданатын әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын Тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытындыны толтырудың бірыңғай нысаны жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының жобасы | |
| | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша соттылығының жоқтығы.<br>Экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі | Құжат ұсынылмайды | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда шетелдік азаматтарды қоспағанда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді ішкі істер органдарының қызметкері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ақпараттық жүйесінен алады.<br>Жарамдылық мерзімдері өтпеген құжаттар топтамасын өтініш беруші ұсынғаннан кейін құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің жоқтығы | | бар-жоғы туралы ақпаратты сұратады. |
| 4. | Мемлекеттік бажды төлеу (тек заңды тұлғалар үшін) | Мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжаты ұсынылмайды | Ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты ақпараттық жүйеден "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тексереді |
| 5. | Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасында айқындалатын нысан бойынша сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген орган берген сәйкестікті растау саласындағы құжат-сәйкестік сертификаты,немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін оны сертификаттауды жүргізуге арналған шарт (жөндеу, ауыстыру, қайтару жүргізу кезінде, сондай-ақ көрмелерге қатысу үшін уақытша әкелу (әкету) кезінде ұсынылмайды) | Қару мен оның патрондарының сәйкестік сертификаты, ал оның болмаған кезінде қаурды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізуге арналған шарт жасалады | |
| | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 219 бұйры ғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10747 болып тіркелген) Криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | әдістерін бекіту туралы оларды сәйкестендіру және заңсыз қолдан жасау мүмкіндігін болғызбау мақсатында қойылатын арнайы техникалық талаптар, Криминалистік талаптар сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізуге арналған шарт (уақытша әкеленетін ( әкету) кезінде ұсынылмайды) | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындысы | |
| Ескертпе:<br>Қаруды уақытша әкелуге (уақытша әкетуге) қорытынды қаруды кері әкетуге (әкелуге) арналған рұқсат құжаты болып табылады.<br>Жауынгерлік қарудан жасалған массалық-көлемді макеттерді әкелуге, әкетуге және транзитіне жол берілмейді.<br>Қаруды әкелуге немесе әкетуге қорытындыны өтініш иесінің тіркелген орны бойынша ішкі істер органдары береді.<br>Заңды тұлғаларға қаруды әкелуге немесе әкетуге арналған қорытындылар қаруды жеткізу шартында ( келісімшартта) айқындалған, бірақ күнтізбелік бір жылдан артық емес мерзімге беріледі | | | |
| 7. | Қосымша: | | |
| | 1) Жеке басын куәландыратын құжаттардың (сериясы, нөмірі, қашан және кімнің бергені, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты мекенжайы), (адамды сәйкестендіру үшін қажет) болуы | Құжат ұсыналмайды ( Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда) | Жеке тұлғалардың құжаттары туралы мәліметтерді ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік деректер базасының ақпараттық жүйесінің ( Жеке тұлғар) алады, сондай-ақ шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Паспорттың есепке алу" біріктерілген деректер банкінің есебі бойынша тексереді |
| | 2) Мемлекеттік тіркеу туралы заң тұлғаралға үшін | Құжат ұсыналмайды | Заң куәландыратын құжаттар, туралы мәліметтерді ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік деректер базасының ақпараттық жүйесінің ( Заң тұлғар) алады |
| Заңды тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны беру кезінде оны сату үшін қосымша қажет | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Тауарды импорттаушының азаматтық және қызметтік қарудың, оның негізгі (құрамдас) бөлшектері мен патрондарының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Заңның 12-бабының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, көрсетілген пайдаланушыларға сататыны туралы кепіл береді | Азаматтық және қызметтік қарулар, оның негізгі (құрама) бөліктері Заңның 12-бабының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, көрсетілген пайдаланушыларға сататыны туралы кепіл береді | Тауарды импорттаушының азаматтық және қызметтік қарудың, оның негізгі (құрамдас) бөлшектері мен патрондарының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Заңның 12-бабының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, көрсетілген пайдаланушыларға сататыны туралы кепіл береді |
| 9. | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына құқығының болуы | Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясы (ұсынылмайды) | Ішкі істер органының қызметкері берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясының бар болуы туралы мәліметтерді "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы (бұдан әрі – ЕЛ МДБ АЖ) мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы алады |
| 10. | Қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшіліктері қоса берілген қаруды жеткізу шартының (келісімшарттың) болуы | Қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшіліктері қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарт) | |
| 11. | Қаруды сатып алу құжатытының болуы | Қаруды сатып алу құқығына рұқсат (ұсынылмайды) | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу рұқсат құқығының бар болуын ішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 12. | Қарудың атауы мен моделінің белгісі туралы ақпараттың, негізгі техникалық көрсеткіштерінің, қаруды шығаратын елдің және фирманың атауы, оның | Еркін нысандағы қарудың атауы мен моделінің белгісі туралы ақпараттың құжаты, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығаратын елдің және | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түрлі-түсті фотосуреттің болуы | фирманың атауы, оның түрлі-түсті фотосуреті | |
| 13. | Адам ағзасына тигізетін шекті әсері нормаларына қару мен оның патрондардың сәйкестігі | Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруының, газды қарудың, электрлік қарудың, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына әсер етуіне жол беру туралы қорытынды, немесе қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына жол берілетін әсер ету нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар жүргізу туралы кепілхат | |
| Заңды тұлғаларға қаруды өткізу үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша | | | |
| 14. | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасы құқығының болуы | Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия ( ұсынылмайды) | Ішкі істер органының қызметкері берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясы бары туралы мәліметтерді ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 15. | Қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшіліктері қоса берілген қаруды жеткізу шартының ( келісімшарттың) болуы | Қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшеліктері қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарт) | |
| 16. | Қарудың атауы мен моделінің белгісі туралы ақпараттың, негізгі техникалық көрсеткіштерінің, қаруды шығаратын елдің және фирманың атауы, оның түрлі-түсті фотосуреттің болуы | Еркін нысандағы қарудың атауы мен моделінің белгісі туралы ақпараттың құжаты, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды өндіруші елдің және фирманың атауы, оның түрлі-түсті фотосуреті | |
| | Әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген | Қару мен патрондарды әкелуге көзделіп мемлекеттің құзыретті | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17. | қаруды әкелуге рұқсат құжаттың болуы | органы берген оны әкелуге рұқсат беру құжаты | |
| 18. | Шетел мемлекетінің уәкілетті мемлекеттік органының осы қарудың тек бейбіт мақсатта пайдалынатыны және басқа елдерге ЕАЭҚ экспортталмайтыны туралы жазбаша кепілдік міндеттемесі болуы | Шетел мемлекетінің уәкілетті мемлекеттік органының осы қарудың тек бейбіт мақсатта пайдалынатыны және басқа елдерге ЕАЭҚ экспортталмайтыны туралы жазбаша кепілдік міндеттемесі | |
| Қару саудасы құқығына лицензиясы бар заңды тұлғаларға қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында сынақтарды жүргізу үшін әкелу, әкетуге, сондай-ақ көрмелерге қатысу үшін уақытша әкелуге (әкетуге) қорытындыны беру кезінде | | | |
| 19. | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына, құқығының болуы | Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия ( ұсынылмайды) | Ішкі істер органының қызметкері берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясы бары туралы мәліметтерді ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 20. | Қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшіліктері қоса берілген қаруды жеткізу шартының ( келісімшарттың) болуы | Қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшіліктері қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарт) | |
| 21. | Қаруды сатып алуға ( сәйкестікті растау үшін әкелу, әкету кезінде медициналық, биологиялық зерттеулер жүргізу) құжат | Қаруды сатып алу құқығына рұқсат ( ұсынылмайды) | Азаматтық және қызметтік қарумен оның патрондарын сатып алу рұқсат құқығының бар болуын ішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 22. | Қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің болуы | Еркін нысандағы қарудың атауы мен моделінің белгісі туралы ақпараттың құжаты, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды өндіруші елдің және фирманың атауы, оның түрлі-түсті фотосуреті | |
| 23 | Әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің | Қаруды әкелуге көзделіп мемлекеттің құзыретті | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаттың болуы | органы берген қаруды әкелуге рұқсат беру құжаты | |
| Қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жеке пайдалану үшін сатып алу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында жеке тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 24. | Азаматтық қарумен оның патрондарын сатып алу құқығы бар болуы ( сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу мақсатында әкелу кезінде , жеке пайдалану үшін) | Қару сатып алу құқығына рұқсаты (ұсынылмайды) | Азаматтық қаруды сатып алу құқығының бар болуынаішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 25. | Қарудың техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы құжат ( сәйкестік сертификаты) немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін оны сертификаттауды жүргізуге арналған шарттың бар болуы | Техникалық реттеу саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі орган берген қарудың сәйкестік сертификатынемесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізуге арналған шарты (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) | |
| 26. | Адам ағзасына жол берілетін әсер ету нормаларына сәйкестігі ( тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) | Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруының, газды қарудың, электрлік қарудың, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына әсер етуіне жол беру туралы қорытынды, немесе қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына жол берілетін әсер ету нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар жүргізу туралы кепілхат(тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) | |
| | | Қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 27. | Қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті | техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) | |
| 28. | Қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін ( тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкелінгенін растау | Қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін ( тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкелінгенін растайтын құжат (шарт, хат) | |
| Жеке тұлғаларға қаруды жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша мыналар болуы қажет | | | |
| 29. | Қаруды әкелуге көзделіп отырған мемлекетке қаруды әкелуге рұқсат құжаттың болуы | Қаруды әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты | |
| 30. | Әкетуге көзделген қаруды сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсаттың болуы | Әкетуге көзделіп отырған қаруды сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсат ( ұсынылмайды) | Әкетуге көзделген қаруды сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсаттың бар болуына ішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 31. | Қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетілетінін растайтын құжаттың (шарттың, хаттың) болуы | Қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетілетінін растайтын құжат (шарт, хат) | |
| Шетелдік заңды тұлғаларға немесе шетелдіктерге (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 32. | Халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақырудың бар болуы | Халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға жазбаша шақыру | |
| 33. | Қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілуі | Қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім) | |
| | | Әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың барын растайтын құжаттама (үй-жайды | Атыс орны мен тирдің жұмыс істеу және сақтауға рұқсаттың болуын ішкі істер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 34. | Әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың болуы | жалға алу шарты, қаруды сақтауға рұқсат, атыс орны мен тирдің жұмыс істеуіне рұқсат) | органдарының қызметкері ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| Заңды немесе жеке тұлғаларға (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 35. | Халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақырудың болуы | Халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру (ереже) | |
| 36. | Қаруды әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаттың болуы | Қаруды әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты | |
| 37. | Қарудың нақты түрінің спортшыға бекітілуі | Басшысының қарудың нақты түрін спортшыға бекіту туралы бұйрығы | |
| 38. | Әкетілуі көзделген спорттық қаруды сақтау құқығы | Әкетілуі көзделген спорттық қаруды сақтау құқығына рұқсаты (ұсынылмайды) | Әкетілуі көзделген спорттық қаруды сақтау құқығына рұқсаттың бар болуынаішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 39. | Спортшыны (ларды) іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрығының болуы | Спорт ұйым басшысының спортшыны (ларды)іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрығы | |
| Шетелдіктерге аңшылыққа қатысу үшін аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 40. | Аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен аң аулауға жасасқан шарттың болуы | Аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен жасасқан аң аулау шарты | |
| 41. | Аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы орган шешімінің болуы | Жануарлар әлемін қорғау , өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімі | |
| 42. | Шетелдік аңшының жеке басын куәландыратын құжаттардың ( паспорттың) болуы | Шетелдік аңшының жеке басын куәландыратын құжаттар (паспорты) | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 43. | Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы уәкілетті органының шетелдіктердің аңшылыққа қатысуы туралы келісімі | Шетелдіктердің аңшылыққа қатысуы туралы Орман және аңшылық шаруашылығының уәкілетті органының облыстық аумақтық органымен келісу туралы өтініш | |
| Ескертпе: Өтінішпен мүдделі аңшылық шаруашылығы ұйымы (жеке кәсіпкер, заңды тұлғалары) жүгінеді, онда қосымша әкелінетін патрондар саны, шетелдік паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі | | | |
| Жеке тұлғаларға аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 44. | Аң аулауға қатысуын растайтын (қызмет көрсету туралы шарт немесе шақыру) құжат | Аң аулау жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуды растайтын (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру) құжат | |
| 45. | Қаруды әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаттың болуы | Қаруды әкелуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты | |
| 46. | Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығы болуы | Әкетуге көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаты ( ұсынылмайды) | Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаттың бар болуын ішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| Ескертпе: Жеке тұлға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге аң аулауға қатысу үшін шыққан кезде аңшылық қару мен оның патрондарын уақытша әкетуге (әкелуге) қорытынды ресімделмейді.<br>Бұл ретте, жеке тұлға (аңшы) қаруды әкеткенге дейін кемінде 10 күн бұрын қару тіркелген аумақтық ішкі істер органына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын құжатты (қызмет көрсету туралы келісім шарт немесе шақыру) ұсынады.Жеке тұлғаның аңшылыққа қатысу кезінде пайдалану үшін әкеткен азаматтық қаруы көрсетілген азаматтық қару тіркелген мүше мемлекетке әкелуге рұқсат құжатының жарамдық мерзімі аяқталғанға дейін әкелінуі тиіс | | | |
| Басқа мемлекетке тұрақты тұруға кететін жеке тұлғаларға азаматтық қаруды, оның патрондарын әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 47. | Тұрақты тұруға кететінін растайтын құжаты | Қаруды қайда әкетілетін болатыныңмемлекеттің заңнамасында көзделген тұрақты тұруға кеткенін растайтын құжат | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 48. | Қаруды әкетуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаттың болуы | Қаруды әкетуге көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты | |
| 49. | Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығы | Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаты ( ұсынылмайды) | Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаттың бар болуына ішкі істер органының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін жеке тұлғаларға қару мен оның патрондарын әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 50. | Қару мен патрондарды сатып алудың және ( немесе) иеленудің заңдылығын растайтын рұқсат беру құжаты | Әкетуге көзделген мемлекеттің құзыретті органы берген қару мен оның патрондарын сақтау және алып жүру құқығына рұқсат | |
| 51. | Қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті | Қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуреті | |
| Ескертпе: Әкелгеннен кейін қару ішкі істер органына жауапты сақтауға тапсырылады, ал оны тіркеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен бекітілген ( бұдан әрі - Қағидалар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидаларымен қарастырылған көзделген жалпы негіздерде жүргізіледі | | | |
| Қазақстан Республикасының азаматы наградтау қаруын әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 52. | Үшінші мемлекеттер басшыларының және үшінші мемлекеттердің үкімет басшыларының наградтау құжаттарының болуы | Үшінші мемлекеттер басшыларының және үшінші мемлекеттердің үкімет басшыларының наградтау құжаттары | Құжаттар шет тілдерінде жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады |
| Ескертпе: Әкелінгеннен кейін наградтау қаруы ішкі істер органына жауапты сақтауға тапсырылады, ал оны тіркеу Қағидаларда көзделген жалпы негіздерде жүргізіледі.<br>Түйдектете атуға мүмкіндік беретін, сыйымдылығы 10 патроннан асатын оқжатары (барабаны) бар, сондай-ақ осы Заңмен "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы аумағында айналымға тыйым салынған қару наградтау қаруына жатпайды | | | |
| Шетел азаматтарына наградтау қаруын әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 53. | Әкетілетін қарумен наградтау туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының болуы | Әкетілетін қарумен наградтау туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы немесе Қазақстан Республикасының Үкімет қаулысының көшірмелері | |
| Жеке тұлғаларға азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыны ресімдеу кезінде қосымша болуы қажет | | | |
| 54. | Қарумен оның патрондарын сатып алу құқығы | Қару мен оның патрондарын әкелетін елдің және әкететін елдің уәкілетті органдары берген, қару мен оның патрондарын сатып алу құқығын растайтын, өтініш берушінің мөрімен және қолымен расталған өтініш берушінің атына берілген рұқсат құжаты. Егер әкелу елінің немесе әкету елінің заңнамасында қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат құжаттарын беру көзделмеген жағдайда, қару мен оның патрондарын сатып алудың заңдылығын көрсететін құжат ұсынылады. Ұсынылған құжат көшірмелерінде қарудың түрі, типі, моделі, калибрі, сериясы мен нөмірі көрсетіледі | |
| 55. | "Транзит" кедендік режимін белгілеу | Кеден органының "транзит" кедендік режимін белгілеу туралы белгісі бар кеден декларациясының данасы | |
| 56. | Жеке тұлғаның (өтініш беруші) жеке басын растайтын құжаттың бар болуы | Жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжатты Қазақстан | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік деректер базасынан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Республикасының бейрезиденттеріменұсынады | ақпараттық жүйесінен арқылы алады (Жеке тұлғалар) |
| 57. | Қару мен оның патрондарын әкетуге рұқсаты | Қаруды әкету елінің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы құжат | |
| 58. | Қару мен оның патрондарын әкелуге рұқсаты | Қаруды әкелу елінің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкелуге рұқсаттың болуы туралы құжат | |
| 59. | Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі | |
| Ескертпе: 54, 55, 57, 58 және 59-тармақшаларда көрсетілген құжаттаршет тілдерінде жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.<br>Үшінші тұлғалардың азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуі осы рұқсат талаптарының 60-69 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады. | | | |
| Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыны ресімдеу кезінде болуы қажет | | | |
| 60. | Қаруды иеліктен шығару | Өтініш берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған, сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы иеліктен шығару құжаты | |
| 61. | Мөрмен және өтінім берушінің қолымен куәландырылған, қаруды жасаушы елден экспорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қару жасаушы немесе қаруды сатып алушы елге импорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қаруды сатып алушы арасындағы шарттың болуы | Өтінім берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған, қаруды жасаушы елден экспорттауды жүзеге асырушы заңды тұлға мен қару жасаушы немесе қаруды сатып алушы елге импорттауды жүзеге асырушы заңды тұлға мен қаруды сатып алушы арасындағы шарт | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 62. | "Транзит" кедендік режимін белгілеу | Кеден органының " транзит" кедендік режимін белгілеу туралы белгісі бар кеден декларациясының данасы | |
| 63. | Тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімінің болуы | Қарудың түрлерін, типтерін, модельдерін, калибрлері мен нөмірлерін, сондай-ақ патрондардың типтері, калибрлері, дайындау партиялары мен саны туралы мәліметтер көрсетілген кеден органы растаған тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімі | |
| 64. | Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу | Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат | Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді ішкі істер органының қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйесі деректі базасынаналады (Заңды тұлғалар) |
| 65. | Экспорттаушы елдің өнімді әкетуге рұқсаты | Экспорттаушы елдің уәкілетті органы берген өнімді әкетуге рұқсаттың болуы туралы құжат | |
| 66. | Өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығы | Өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжат | |
| 67. | Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі | |
| 68. | Өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің жеке қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз етуі , күзет қызметін жүзеге асыруға құқығы бар | Өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің жеке қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз | Жеке қорғалуын жүзеге асыратын заңды тұлғаның күзет қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжатішкі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болуы заңды тұлғаларымен | ететінін растайтын құжат (күзет шарты) | істер органдарының қызметкері тиісті ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады |
| 69. | Егер оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің осы жүктерді қайта қабылдауға келісімі | Егер оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің осы жүктерді қайта қабылдауға келісімін растайтын құжат | |
| Ескертпе: 60, 61, 62, 63, 65, 66 және 67-тармақшаларда көрсетілген құжаттар шет тілдерінде жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.<br>Барлық құжаттар консулдық заңдастыру туралы талаптарды сақтай отырып немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қойылып ұсынылады | | | |

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2020 жылғы 22 қыркүйегі
№ 637 Бұйрыққа
2-қосымша

## Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қарумен оның патрондарын сатып алуға рұқсатты беру кезіндегі рұқсат талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 28.07.2021 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2023 № 515 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.03.2024 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| р/с № | Рұқсат беру талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Жеке жәнезаңдытұлғаларғаазаматтық және қызметтік қару мен оныңпатрондарынсатыпалуғарұқсат беру кезіндегі жалпы талаптар мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі | | | |
| | | 2020 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің "Жеке немесе заңды тұлғаның азаматтық қарумен оның патрондарын сатып алуға , сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсатты алу үшін" № 254 ( Нормативтік құқықтық | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Өтініш | актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) б ұйрығымен бекітілген көрсетілетін мемлекеттік қызмет Қағидаларына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандардағыжеке немесе заңды тұлғаның азаматтық және қызметтік қарумен оның патрондарын сатып алуға рұқсатты алу үшін өтініші | |
| 2. | Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың немесе мәліметтердің және заңды тұлға туралы мәліметтердің болуы | Құжат ұсынылмайды | Жеке және заңды тұлғаның құжаттары туралы мәліметтерді ішкі істер органдардың қызметкері тиісті мемлекеттік деректер базасынан (жеке және заңды тұлғалар) ақпараттық жүйелерінен арқылы алады |
| 3. | Азаматтық және қызметтік қаруға және оның патрондарына | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйры ғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 076/е нысаны бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытынды.<br>Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | рұқсаты бар адамдарда қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқтығы | арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар қызметкерлері (қызмет өткеру орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады.<br>Азаматтық және қызметтік қаруды, оның патрондарын сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының мөрімен (оның кезінде) және қолымен расталған, қаруды қолдануға рұқсат туралы құжат ұсынады ( құжаттар еркін нысанда толтырылады). | |
| | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік | | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда алады шетелдік азаматтарды қоспағанда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді ішкі істер органдарының қызметкері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ақпараттық жүйесінен. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 73-1, 73-2, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша соттылығының жоқтығы.<br>Экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің жоқтығы | Құжат ұсынылмайды | Жарамдылық мерзімдері өтпеген құжаттар топтамасын өтініш беруші ұсынғаннан кейін құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты сұратады. |
| 5. | Қаруды ұстаудың қауіпсіздік ережелері білімнің болуы | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) бекітілген нысаны бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне тексеруден өту туралы анықтамасы.<br>Азаматтық және қызметтік қаруды сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының оның | Қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар береді.<br>Спорт шебері кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бар болуымен кезінде мөрімен және қолымен расталған қаруды қолдануға рұқсат туралы құжат ұсынады (құжат өз еркінше толтырылады) | мүшесі-спортшылар ұсынылмайды |
| 6. | Мемлекеттік бажды төлеу | Мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжаты (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты ақпараттық жүйеден "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тексереді |
| Жеке тұлғалар азаматтыққарудыжәне олардың патрондарын сатыпалуғарұқсаталуүшін қосымша болуы қажет | | | |
